

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 42/338-бс шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 63/554-бс шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 сәуірде № 96 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 72/675-бс шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 15.12.2020 № 72/675-бс шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 42/338-бс шешіміне (бұдан әрі – шешім) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 16 болып тіркелген, 2019 жылғы 23 қаңтарда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді қосымша беру тізбесінде:

"1. Қосымша дәрілік заттар" деген бөлімінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 34-жолмен толықтырылсын:

" 34	Рилузол, таблетка 50 мг	Амиотрофиялық бүйірлік беріш	Диспансерлік есепте тұрған 18 жастан асқан ересек азаматтар	" ,
------	----------------------------	---------------------------------	--	-----

"2. Қосымша бейімделген емдік өнімдер" бөлімінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

" 4	Глютенсіз нан пісіруге арналған арнайы ұн қоспасы	Целиакия	Диспансерлік есепте 18 жасқа дейінгі балалар	" .
-----	--	----------	---	-----

2. "Шымкент қаласы мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы*

*мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Р. Бектурганов*

*Шымкент қаласы*

*мәслихатының хатшысы*

*Г. Ташкараев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК